

ӨОЖ 636.3(574.11)

DOI 10.52578/2305-9397-2021-1-2-21-26

Есенғалиев К.Г., ауылшаруашылық ғылымдарының докторы (Ресей Федерациясы), доцент, негізгі автор, <https://orcid.org/0000-0002-8820-5507>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 090009, Жәңгір хан көш., 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы, esenaliyev57@mail.ru

Әмір А.М., студент, <https://orcid.org/0000-0002-8820-5507>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 090009, Жәңгір хан көш., 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы, aisholpan.amirova@mail.ru

Шалқар Д.Ә., студент, <https://orcid.org/0000-0002-8820-5507>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 090009, Жәңгір хан көш., 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы, dildabek-1998@mail.ru

Құрбан Е.Қ., студент, <https://orcid.org/0000-0002-8820-5507>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 090009, Жәңгір хан көш., 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы, yerbolatkurban@mail.ru

Esengaliyev K.G., Doctor of Agricultural Sciences (Russian Federation), Associate Professor, the main author

«Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University» NPJSC, 090009, 51 Zhangir Khan Str., Uralsk, Republic of Kazakhstan

Ämir A.M., student

«Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University» NPJSC, 090009, 51 Zhangir Khan Str., Uralsk, Republic of Kazakhstan

Şalqar D.Ä., student

«Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University» NPJSC, 090009, 51 Zhangir Khan Str., Uralsk, Republic of Kazakhstan

Qurban E.Q., student

«Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University» NPJSC, 090009, 51 Zhangir Khan Str., Uralsk, Republic of Kazakhstan

ӘР ТҮРЛІ ГЕНОТИПТІ ЕТТІ - ЖҮНДІ ҚОЗЫЛАРЫНЫҢ ЕТ ӨНІМДІЛІГІ MEAT PRODUCTIVITY OF MEAT – WOOL LAMBS OF DIFFERENT GENOTYPES

Аннотация

Мақалада ақжайық етті – жүнді биязылау саулықтарын ақжайық және куйбышев тұқымдары қошқарларымен шағыстырылып алынған 4-4,5-7,5-8 айлық еркек қозыларының бақылау сойысының нәтижелері келтірілген. Зерттеулер көрсеткендей, КБ х АҚЕЖ будандары таза тұқымды құрдастарына қарағанда жақсы тірі салмаққа ие болды. Куйбышев қошқарлары будандары тірілей салмағы жылдамдылығы бойынша өз артықшылығын сақтады. Таза тұқымды АҚЕЖ х АҚЕЖ-мен салыстырғанда КБхАҚЕЖ тандау нұсқасындағы будан жануарлардың азықтандыру қасиеттері олардың азықты жақсы пайдаланғанын және жоғары тірі салмағын көрсетті.

Зерттелген генотиптердегі ет өнімділігінің сандық-сапалық белгілерін анықтау бойынша КБ х АҚЕЖ генотипінің АҚЕЖ х АҚЕЖ генотипінен булы ұшаның салмағы, сойыс салмағы, сойыс шығымы, ұшадағы бұлшықет тінінің құрамы және еттілік коэффициенті бойынша артықшылығын анықтады. Барлық топтар бойынша сойыс шығымы 7,5-8 айлығында 48,4-49,2% құрады.

7,5-8 айлық еркек қозыларды бақылау союындағы ет коэффициенті барлық топтардың қошқарларының әсерін көрсетті, куйбышев етті-жүнді қошқарларымен шағылыстырылып алынған будандардың ұшалары ет сапасы жағынан жоғары болды.

КБ х АҚЕЖ генотипінің бұлшықет тінінде ылғал аз болды, бірақ ақжайық таза тұқымды еркек қозылары ұшасындағы етімен салыстырғанда ақуыз мен май көп болды.

Жалпы алғанда, барлық еркек қозылардың ұшалары жақсы қалыптасып, куйбышев тұқымының қошқарларынан алынған будандары ең жақсы сою көрсеткіштерімен ерекшеленді және де етті-жүнді өнімділік бағытындағы қойларына сипатты.

ANNOTATION

The article presents the results of the control slaughter of 8 months. rams after feeding with feeding, obtained from the selection of semi-fine-fleece queens of Akzhaik meat and wool sheep with producers of Akzhaik and Kuibyshev breeds. Studies have shown that the KB x AKMSH crosses before feeding with feeding had a better live weight than purebred peers. During the feeding period with feeding in terms of the rate of gain in live weight, the Kuibyshev rams' hybrids retained their superiority. Feeding qualities of crossbred animals in the variant of selection of KB x AKMSH in comparison with purebred AKMSH x AKMSH indicates their better use of feed and better live weight.

Consideration of the quantitative and qualitative traits of meat productivity in the studied genotypes revealed the superiority of the KB x AKMSH genotype over the AKMSH x AKMSH genotype in terms of fresh carcass weight, slaughter weight, slaughter yield, muscle tissue content in the carcass and meat content coefficient. For all groups, the slaughter yield was 48,4 - 49,2%.

The meat content coefficient at the control slaughter of young animals at 7,5-8 months indicates the influence of producers of all groups, with somewhat better meat and wool rams in Kuibyshev, on improving the meat quality of carcasses.

The muscle tissue of the KB x AKMSH genotype contained less moisture, but more protein and fat in comparison with the meat of akzhaik purebred animals. There were no significant changes in the amount of ash, calcium and phosphorus in the muscle tissue of young animals of different genotypes.

In general, the carcasses of all the rams were well formed and characterized the sheep of the meat and wool direction of productivity with the best slaughter indicators from the producers of the Kuibyshev breed.

Түйін сөздер: ақжайық, куйбышев, дене салмағы, ет өнімділігі, сою массасы, сою өнімділігі.

Key words: Akzhaik breed, Kuibyshev breed, body weight, meat productivity, slaughter weight, slaughter yield

Кіріспе. Биязылау етті – жүнді бағыттағы қойлар өсу қуаты мен ет өнімділігінің жоғарлығымен, ерте жетілгіштігімен ерекшеленеді және азық шығындарын жақсы өтеп, кроссбредті жүн мен тері шикізатының негізгі көзі болып табылады [1-3].

Зерттеу мақсаты - әр түрлі генотиптегі етті-жүнді қошқарлардың шағыстыруынан алынған ақжайық етті-жүнді қой ұрпақтарының ет өнімділігіне әсерін зерттеу.

Материал және әдістемесі. Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданының «Қуаныш» ШҚ-ның ақжайық етті-жүнді қойларының табынында ет сапасын жақсарту мақсатында жұмыстар жүргізілуде, асыл тұқымды ақжайық етті-жүнді қойларымен қатар, өндірістік жағдайларда қолданылатын бірінші бағалау класындағы саулық қойларды шағығылыстыруда куйбышев етті-жүнді тұқымының қошқарлары пайдаланылды.

Тәжірибеде пайданылған аталық қошқарлар келесідей өнімділікпен сипатталды: ақжайық етті-жүнді тірі салмағы – 102 кг, жүн қырқымы – 8,0 кг, жүн ұзындығы – 15 см және 48 сапада, ал куйбышев етті – жүнді – 110 кг, 7,5 кг, 13 см және 50 сапада тиісінше.

Тәжірибеде әрбір топта 100 бастан бірінші бағалау класындағы қойлардың пайдаланылған саулықтар бір отарда, азықтандыру мен бағып - ұстаудың бірдей жағдайларында болды.

1 топ - ақжайық етті-жүнді тұқымының қошқарлары мен саулықтары (АҚЕЖ х АҚЕЖ);

2 топ - куйбышев қошқарлары мен ақжайық етті-жүнді тұқымының саулықтары (КБ х АҚЕЖ).

Зерттеу материалдары екі нұсқадан алынған ақжайық етті-жүнді қойлардың әр түрлі ұрпақтарының ет өнімділігі зерттелді.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Қой шаруашылығында қой етін өндіру негізінен жас малды оның туған жылы етке тапсыру арқылы жүзеге асырылады, бұған әртүрлі аймақтарда жүргізілген көптеген ғалымдардың зерттеулері дәлел бола алады [4-7].

Зерттеудегі кроссбредті еркек қозылардың тірілей салмағының орташа тәуліктік салмақ қосуының көрсеткіштері 1-ші кестеде көрсетілген.

1-кесте - Қозылардың тірілей салмағы мен орташа тәуліктік салмақ қосуының динамикасы

Топтар	n	Салмағы, кг			Орташа тәуліктік салмақ қосуы, г	
		Туғанда	4–4,5 ай	7,5–8 ай	Туғаннан 4–4,5 айға дейін	4–4,5 айдан 7,5–8 айға дейін
I	94	4,42±0,11	30,58±0,23	36,10±0,51	218	55
II	96	4,65±0,13	32,26±0,22	37,35±0,54	230	51

Алынған нәтижелердің талдауы бойынша енесінен айырғанда және 7,5–8 айлығында жоғары тірілей салмақты күйбішев етті – жүнді қошқарларынан алынған қозылар тобында байқалды. 4–4,5 айлығында екінші топтағы кроссбредті еркек қозылары өзінің қатарластарынан 1,28 кг немесе 4,42%-ға артты ($P>0,99$).

2-кесте - 4–4,5 айлық еркек қозылардың сойыс көрсеткіштері

Көрсеткіш	Топтар	
	I	II
Салмағы, кг		
соыр алдындағы	32,50±0,34	34,70±0,31
булы ұша	14,40±0,21	15,70±0,25
іш майы	0,65±0,07	0,74±0,08
сойыс	15,00±0,12	16,40±0,18
Сойыс шығымы, %	46,10±0,27	47,30±0,31
Жұмсақ ет шығымы, %	77,10±1,13	79,3±1,26
Сүйек шығымы, %	22,9±0,28	20,7±0,29
Еттілік коэффициенті	3,36±0,12	3,84±0,17

Екінші топтағы кроссбредті еркек қозыларының тірілей салмағы бойынша артықшылығы жоғары өсу қарқынымен ерекшеленді. Оларда туғаннан 4–4,5 айға дейін аралығында орташа тірілей салмақ қосуы жоғары болды, 4–4,5 айдан 7,5–8 айға дейін де өсу қарқыны бірінші топтағы қатарластарымен салыстырмалы түрде жоғары болды.

4–4,5 айлығында әрбір топтан 3 бас еркек қозыдан бақылау сойысы жүргізілді. Бақылау сойыс нәтижелері 2 кестеде көрсетілген.

Сойыстан кейін кроссбредті еркек қозылардың булы ұша салмағы 14,4–15,7 кг, сойыс салмағы – 15,0 – 16,4 кг құрады. Сойыс шығымы 46,1-тен 47,3%-ға дейін құрады. Бір тәулік аш ұстағаннан кейін соыр алдындағы тірілей салмақ екінші топтағы еркек қозыларында жоғары болды – 34,7 кг, бірінші топқа қарағанда 2,2 кг артық.

Булы ұшаның жоғары салмағы екінші топта – 15,7 кг, бірінші топқа қарағанда 9,2%-ға жоғары. Бұл топта сонымен қатар жоғары сойыс салмағы болды. Сойыс шығымы екінші топта 47,3% құрады, бірінші топтағы қатарластарымен салыстырғанда 2,6%-ға жоғары.

Ұшадан етті сылып алғаннан кейін ұшадағы жұмсақ етпен сүйектің қатынасы анықталды. Жұмсақ еттің көп шығымы 79,3% екінші топта болды, сәйкесінше осы топта сүйектің үлесі 20,7%-ға төмен. Сүйектерінің ірілігімен екінші топ қозылары ерекшеленді. Ұшадағы сүйектердің үлесі екі топта 22,9–20,7% аралығында ауытқыды, ал жұмсақ еттің үлесі 77,1–79,3% құрады. Тиісінше еттілік коэффициенті екінші топта – 3,84 болды. 4–4,5 айында енесінен айырғаннан кейін еркек қозылар әртүрлі қырдың шөптерінен тұратын жақсы шөп жамылғысы бар күзгі жайылымдарда 7,5–8 айына дейін жайылды (3-кесте).

3-кесте – 7,5- 8 айлық еркек қозылардың сойыс көрсеткіштері

Көрсеткіш	Топтар	
	I	II
Салмағы, кг		
соыр алдындағы	42,00±0,71	44,20±0,71
булы ұша	19,19±0,82	20,55±0,68
іш майы	1,16±0,04	1,19±0,03
сойыс	20,03±0,80	21,74±0,88
Сойыс шығымы, %	48,40±0,72	49,20±0,79
Жұмсақ ет шығымы, %	77,8	79,9
Сүйек шығымы, %	22,20±0,71	20,10±0,73
Еттілік коэффициенті	3,50±0,11	3,97±0,15

Топтардағы еркек қозылардың тірілей салмағы 42,0 кг-нан 44,2 кг-ға дейін құрады. Соыр алдындағы жоғары тірілей салмақ екінші топ кроссбредті қозыларында – 44,2 кг болды, бірінші топпен салыстырғанда 2,2 кг немесе 5,2%-ға жоғары.

Ең ірі булы ұшалар екінші топ еркек қозыларынан алынды, олардың салмағы орташа 20,55 кг-ды құрады, бірінші топ булы ұшаларынан 7%-ға артық. Іш майының көп мөлшері күйбішев етті – жүнді тұқымының қозыларында болды, оның салмағы 1,19 кг, бірінші топ қозыларына қарағанда 2,6%-ға жоғары болды. Екінші топ кроссбредті қозыларында сойыс шығымы – 49,2%, бірінші топ қозыларына қарағанда 1,7%-ға жоғары. Екінші топта жоғары жұмсақ ет шығымы байқалды - 79,9%, сүйек шығымы 20,1%, еттілік коэффициенті – 3,97. Жасы үлкейген сайын сойыс шығымы, ұшадағы жұмсақ еттің шығымы және іш майының салмағы көбейетінін атап кету керек. 7,5–8 айға дейін сойыс шығымы бірінші топта – 4,9%-ға, ал екінші топта 4,0%-ға көбейді. Жұмсақ ет шығымы тиісінше 0,9% бен 0,8%-ға өсті. Бұл жасының өскен сайын бұлшық еттің қарқынды жиналуынан болады, тиісінше жасымен бірге пропорционалды түрде еттілік коэффициенті де көбейеді.

Еттің азық – түлік ретінде құндылығы құрамындағы ақуыздар мен энергетикалық құндылығына байланысты. Қозы етінің химиялық құрамын анықтау үшін жұмсақ етінің талдауы жүргізілді (4-кесте).

4-кесте - Кроссбредті қозы етінің химиялық құрамы мен энергетикалық құндылығы

Топтар	Жұмсақ еттің құрамында				Энергетикалық құндылығы, МДж
	су	ақуыз	май	күл	
4–4,5 ай					
I	63,3±0,39	17,9±0,29	17,9±0,66	0,9±0,05	2256,5±2,68
II	62,2±0,46	17,7±0,26	19,2±0,81	0,9±0,05	2432,7±2,92
7,5–8 ай					
I	60,3±0,38	16,2±0,29	22,5±0,69	1,0±0,03	2894±2,72
II	60,1±0,37	16,0±0,30	23,0±0,71	0,9±0,04	2958,9±2,86

Топтардың орташа көрсеткіштерінде құрғақ заттың мөлшері 36,7 – 37,8%-ды құрады.

Зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерді биометриялық өңдеу кезінде ылғал, ақуыз, май және минералдық заттардың алатын үлесі бойынша топтардың көрсеткіштері арасында анық байқалатын айырмашылық табылмады. Нақты айырмашылықтар 1 кг еттің энергетикалық құндылығын салыстыру барысында анықталды. Екінші топтағы будандарда 1 кг еттің құрамында 2432,7 МДж қуат құрады, бұл бірінші топтың көрсеткішімен салыстырғанда 176,2 МДж артық, дәлдігі $P>0,999$.

7,5–8 айлық кроссбредті қозылардың етінің химиялық құрамын зерттеу барысында будандардың жасы өскен сайын етінің құрамындағы ақуыздың мөлшері азайып, майдың мөлшері көбейгені анықталды. Бұл ағзада бұлшық ет массасының түзілуі белсенді жүретінімен, ал жасы өскен сайын организмде майдың шоғырлануымен түсіндіріледі.

Бірінші және екінші топтағы кроссбредті еркек қозылардың етінің энергетикалық құндылығы арасындағы айырмашылық $P>0,999$ кезінде 64,9 МДж немесе 2,2% құрады. Бұл жерде

куйбышев етті-жүнді қошқарларынан алынған будандардың еті жоғары энергетикалық құндылыққа ие екенін атап өту қажет.

Қорытынды. Осылайша кроссбредті еркек қозыларды бақылау сойысы кезінде барлық әдістерде енесінен айырғаннан кейінгі 4–4,5 айлық қозылардан салмағы 14,4-15,7 кг болатын ұшалар алынды, ал 7,5–8 айлығындағы ұшалардың орташа салмағы 19,19-20,55 кг тең болды, олар куйбышев етті-жүнді қошқарларынан алынған будандар.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кройтер М.К. Генетико – селекционные аспекты разведения кроссбредных овец. – Алма-ата, 1977. – 296 с.
2. Траисов Б.Б. Акжайкские мясо – шерстные овцы // Овцы, козы, шерстяное дело. – 2013. - №3. – С. 4-6.
3. Ульянов А.Н., Куликова А.Я., Катаманов С.Г.Создание пород овец мясо – шерстного и мясного направления продуктивности // Эффективное животноводство. – 2017. - №5. – С. 44-47.
4. Ерохин, С.А. Откормочные и мясные качества баранчиков разного происхождения в связи с обхватом пясти // Вестник Кыргызского аграрного университета. – 2008. - № 3. – С.156-159.
5. Косилов В.И., Шкилёв П.Н., Никонова Е.А. Особенности весового роста молодняка овец основных пород Южного Урала // Известия Оренбургского государственного аграрного университета. - 2011.- № 1 (29).- С. 93–97.
6. Ерохин А.И., Карасев Е.А., Ерохин С.А.Интенсификация производства и повышение качества мяса и овец. – М.: РГАУ-МСХА, 2015. 303 с.
7. Двалишвили В.Г., Опакай Ч.М.Мясная продуктивность молодняка мясо-шерстных овец разного происхождения // Овцы, козы, шерстяное дело. – 2018. -№ 4. –С.21-22.

ÄDEBIETTER TIZIMI

1. Kroiter M.K. Genetiko – seleksionnye aspekty razvedeniya krossbrednyh oves. – Alma-ata, 1977. – 296 s.
2. Traisov B.B. Akjaikskie myaso – şerstnye ovtsy // Ovsy, kozy, şerstyanoe delo. – 2013. - №3. – S. 4-6.
3. Ulyanov A.N., Kulikova A. YA., Katamanov S.G.Sozdanie porod oves myaso – şerstnogo i myasnogo napravleniya produktivnosti // Effektivnoe jivotnovodstvo. – 2017. - №5. – S. 44-47.
4. Erohin, S.A. Otkormochnye i myasnye kachestva baranchikov raznogo proishojdeniya v svyazi s obhvatom pyasti // Vestnik Kyrgyzskogo agrarnogo universiteta. – 2008. - № 3. – S.156-159.
5. Kosilov V.I., Şkilëv P.N., Nikonova E.A. Osobennosti vesovogo rosta molodnyaka oves osnovnyh porod jnogo Urala // İzvestiya Orenburgskogo gosudarstvennogo agrarnogo universiteta. - 2011.- № 1 (29).- S. 93–97.
6. Erohin A.İ., Karasev E.A., Erohin S.A.İntensifikasiya proizvodstva i povyšenie kachestva myasa i oves. – M.: RGAU-MSHA, 2015. 303 s.
7. Dvalişvili V.G., Opakai Ch.M.Myasnaya produktivnost molodnyaka myaso-şerstnyh oves raznogo proishojdeniya // Ovsy, kozy, şerstyanoe delo. – 2018. -№ 4. –S.21-22.

РЕЗЮМЕ

В статье приведены результаты контрольного убоя 4-4,5-7,5-8 мес. баранчиков, полученных от подбора полутонкорунных маток акжайкских мясо-шерстных овец с производителями акжайкской и куйбышевской пород. Проведенные исследования показали, что помеси КБ х АКМШ имели лучшую живую массу, чем чистопородные сверстники. По скорости набора живой массы помеси куйбышевских баранов превосходили акжайкских мясо-шерстных. Нагульные качества помесных животных в варианте подбора КБ х АКМШ по сравнению с чистопородными АКМШ х АКМШ свидетельствует о лучшем использовании ими корма и лучшей живой массой.

Рассмотрение количественно-качественных признаков мясной продуктивности у исследуемых генотипов выявило превосходство генотипа КБ х АКМШ над генотипом АКМШ х АКМШ по массе парной туши, убойной массе, убойному выходу, содержанию мышечной ткани в туше и коэффициенту мясности. По всем группам убойный выход в 7,5-8 месяцев составил 48,4 - 49,2 %.

Коэффициент мясности при контрольном убое молодняка в 7,5-8 месяцев свидетельствует о влиянии производителей всех групп, с несколько лучшими у куйбышевских мясо-шерстных баранов на улучшение мясных качеств туш.

В мышечной ткани генотипа КБ х АКМШ влаги содержалось меньше, но больше протеина и жира по сравнению с мясом акжайских чистопородных животных.

В целом, туши всех баранчиков были хорошо сформированы и характеризовали овец мясо-шерстного направления продуктивности с лучшими показателями убоя от производителей куйбышевской породы.

ӨОЖ 633.2.03

DOI 10.52578/2305-9397-2021-1-2-26-29

Ирзагалиев Қ.С., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, негізгі автор, <https://orcid.org/0000-0003-3553-5307>

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, 060011, Студенттер даңғылы 1, Атырау қ., Қазақстан Республикасы, kosybek@inbox.ru

Махамбет М.Қ., жаратылыстану ғылымдарының магистрі, <https://orcid.org/0000-0002-7881-873X>

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, 060011, Студенттер даңғылы 1, Атырау қ., Қазақстан Республикасы, moldir_mahambet@mail.ru

İrzagaliev Q.S., Doctor of Agricultural Sciences, the main author

Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, 060011, Studenchesky Ave. 1, Atyrau, Republic of Kazakhstan

Mahambet M.Q., Master

Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, 060011, Studenchesky Ave. 1, Atyrau, Republic of Kazakhstan

ТАБИҒИ ЖАЙЫЛЫМДАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАҢУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ISSUES OF RATIONAL USE OF NATURAL PASTURES

Аннотация

Мақалада Атырау облысының табиғи жайылымдық жерлерінің қазіргі жағдайы мен осы мәселелерді шешу жолдары көрсетілген. Жайылымдарды пайдалану және олардың жем-шөптің жоғары өнімділігін қамтамасыз ету биогеоценоздың маңызды зоналық түрлерінің тұтастығын, олардың құрылымын қорғауға арналған жүйені қамтуы керек, жайылым өсімдіктерін қорғаудың негізгі формаларының бірі оны ұтымды пайдалану болып табылады.

Сондай-ақ, мақалада Қызылқоға ауданындағы «Ақмөншақ» шаруа қожалығы иелігіндегі жайылым шөптері қауымдастықтарының химиялық құрамы мен мал азықтық маңызын зерттеу жұмыстарының нәтижелері берілген. Қоректік құндылығы бойынша ең жақсысы – жусанды-қараотты астық тұқымдас түрлі шөпті жайылымдар екендігі анықталды.

Шалғайдағы мал жайылымдарын жеңіл-желпі жақсартудағы тиімді әдіс – ауа режимдерін реттеу үшін сыдыра өңдеу және қыс мезгілінің аяғына таман өсімдіктердің үстінен екпе шөптер себуі, ал түбегейлі жақсарту үшін көпжылдық екпе шөптер мен олардың қоспасын егу тиімді.

ANNOTATION

The current state of pasturable grounds of Atyrau region and offered solutions of these problems is given in the article.

The use of pastures and ensuring their high forage productivity should include a system for protecting the integrity of the most important zonal types of biogeocenosis, their structure, one of the main forms of protecting pasture vegetation is its rational use.

Also, the article presents results of study of the chemical composition and nutritional value of the association of pasture plants of «Akmonshak» farm Kyzylkoga district. Best for food quality is natural grasslands with sagebrush and halophytic grass-forb community.

Effective technique of superficial improvement of distant pastures of the desert is two-times disk plowing for air regime regulation and-winter sowing of perennial grasses, and for radical improvement perennial grasses and their mixes during the early-spring period are offered.

Түйін сөздер: алқаптар, жайылым, ауыспалы жайылым, рацион, шөлейттену, жайылым оты, жеңіл-желпі жақсарту.